

Төлеген Айбергeнұлы Айбергeнов  
(1937-1967)

Биографиясы

Шығармашылық  
жолы

Еңбектері

Төлеген Айбергенов 1937 жылы 8 наурызда Қаракалпақ елінің Қонырат деген жерінде дүниеге келген. 1959 жылы Ташкенттің Низами атындағы педогогика институтының қазақ тілі мен әдебиеті факультетін бітіріп, туған ауылында мұғалімдік қызмет атқарады.



Анасының есімі- Жібек Қонарбайқызы  
Ақынның атын әкесі “Қайтыс болып кеткен  
ұлымның атын төледің деп”, Төлеген атаған  
екен.

Ақын отбасында үш қыздың ішінде жалғыз ұл  
болып ерке өседі. Бір қызығы, өзінің де үш қыз,  
бір ұлы болады. Ақынның жары Үрнисаның  
айтуы бойынша, «Бір тойым бар» деген өлеңді  
Төлеген «жұбайы тағы бір ұл баланы дүниеге  
әкелсе» деген арман-тілекпен шығарған екен.

14 жасында әкесінен айырылады. Ал анасы  
1964 жылы өмірден өтеді. Артында 5 баласы  
қалады. Үлкені Салтанат, Махаббат, Дәурен, екі  
егіз Құсни мен Айнар.

Төлеген Айбергеновтың әйелі Үрниса Айбергенова (1937-2006) 1954 жылы күз айында Ташкенттің Низами атындағы педагогикалық институтының тіл-әдебиет және тарих факультетінің алғашқы курсында Төлеген Айбергеновпен танысады.





Кішкентай  
Салтанат  
әкесімен



*Төлеген Айбергенов*  
*Үрниса Оспанқызы*  
*Егіз журда*




1959-62 ж. Қоңырат аудындағы орта мектепте мұғалім.  
1962-65 ж. Шымкент облысының Сарыағаш ауданындағы кешкі жастар I мектебінде директор.  
1965 жылдан Қазақстан Жазушылар одағы жанындағы әдебиетті насихаттау бюросында қызмет істеді. Айбергеновтың өлеңдері республикалық баспасөзде 1957 жылдан жарияланды. Туған жерге деген албырт сағыныш пен мөлдір махаббатқа толы бір топ өлеңдері 1961 жылы шыққан "Жас дәурен" атты топтама жинақта басылды.









Отанға, туған елге деген сүйіспеншілігін, замандастарымыздың рухани сезім байлығын, ізгі тілеу, ақ ниетін жарқырата ашқан қазақ поэзиясында өзіндік жаңа ыррақ, поэтикалық жыр кітаптары - "Арман сапары" (1963), "Өмірге саяхат" (1965), "Құмдағы мұнаралар" (1968), "Мен саған ғашық едім" (1970), "Аманат" (1975), "Бір тойым бар" (1981), балаларға арналған "Бақшаға саяхат" сурет-кітапшасы (1985) жарық көрді. Сондай-ақ орыс тілінде "Мир созвездья" (1987) деген атпен таңдамалы өлеңдері аударылып басылды. Айбергеновтың "Ақ ерке, Ақ жайық", "Жаңғырған Маңғыстау", "Қазақстан", "Сені ойладым", "Мені ойла", "Ақ қайыңдар" т. б. өлеңдеріне жазылған әндер ел арасына кеңінен танымал. Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты (1974, қайтыс болғаннан кейін). 1997 ж. ақынның "Таңдамалы өлеңдер" жинағы мен ол турапы жазылған "Біргемін мен сендермен" атты естелік кітабы жарық көрді.




Ташкенттегі Низами атындағы педагогикалық институтты бітірген ақын жастайынан шығыс шайырларының жырларын жаттап өседі. Оның өлеңдерінің негізгі тақырыбы өмірге, туған жерге деген сағыныш болды. Шет жайлап, өзге ортада өскен ақынның тағдыры шығармашылығына әсер етпей қоймайды. Соның ықпалынан қазақ даласына арналған отты жырлар өмірге келді. Төлегеннің поэзиясы туралы жазушы Әбіш Кекілбаев: «Төлеген Айбергенов творчествосы – өлімді жеңіп шыққан өмір шаттығының жыры», - дейді.






Төлеген Айбергеновтің ақын інісі  
Мұхтар Шахановқа арнап жазған  
«Сағыныш» атты өлеңі әдеби,  
мәдени ортада кеңінен танымал  
болса, қарапайым халық оның «Бір  
тойым бар» деген өлеңін жатқа  
оқиды.





## Марапаттары

Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты(1974 жылы қайтыс болғаннан кейін) 1997 жылы ақынның “Таңдамалы өлеңдер” жинағы мен ол туралы жазылған “Біргемін мен сендермен” атты естелік кітап, 2001 жылы “Бір тойым бар” атты жыр кітабы жарық көрді.





Бір тойым болатыны сөзсіз менің,  
Дәл қай күні екенін айта алмаймын.

Бірақ... бірақ...

Ешкімді де билетпей қайтармаймын.

Онда ортаға тасталар ұран сондай:  
Қайта алмайды қартың да бір ән салмай,  
Жиырма бестің бәрін де сабылдыртам,  
Кемпірлерге қыз күнін сағындыртам...

Сәбилерге ағаны үлгі етемін,  
Жеңгейлердің толтырам гүлге етегін.  
Менің жарым бұл түні кірпік ілмей,  
Ақ көңілімен қуаныш бүртігіндей,  
Омырауынан бір тәуір шайқап есіп,  
Ажырасқанды жүреді қайта қосып.  
Мен өзім де ән салам түн ауғанша,  
Менің жаным бұл күнге құмар қанша!

Бәйгі берем жығылған палуанға да,  
Адалдығы сезіліп тұрар болса.

Қыз қуатын жігітке ат беремін,  
Жанам деген жүрекке от беремін.

Мен әйтеуір бар жиған-тергенімді  
Бір тамаша той қылып өткеремін.

Біздің үйді сол күні бетке ал қауым,  
Нысанаға ап қуаныш тоқталмауын.

Мен бұл тойдан тілеймін жылап тұрып,  
Қазанымда бір асым ет қалмауын,

Мен сөйтіп бар шаңнан бір сілкінемін,  
Мен сөйтіп рақаттанып бір күлемін.

Кім білсін талай күнгі арманым ед,  
Мәңгілік тарқамауы да мүмкін оның.

<https://www.youtube.com/watch?v=LbkxTCObf9I>

<https://www.youtube.com/watch?v=E6gzwOhEMBI> «Адамдар» өлеңі





Назарларыңызға РАХМЕТ!!!